

Ж.Қағазбаев, А.Ысқақнаби

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: zhan\_1952@mail.ru)*

## **Мәдениетаралық қарым-қатынас аясында қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың кейбір ерекшеліктері**

Мақалада қытай тілінің Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінің арасында алатын орны нақтыланып, мәдениетаралық білім беру саласында қытай тілінің мандарин диалектісіне оқытудың кейбір ерекшеліктері қарастырылған. Соның ішінде Қытайдың иероглифтік жазба тілінің фонетикалық транскрипция жүйесін (пиньинді) меңгерудің тиімді амал-тәсілдері көрсетілген. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды және қытай тілінің тондарын үйреткенде авторлардың ұсынған әдістемелік нұсқаулары назар аудартады. Айтылатын ойдың грамматикалық тұрғыдан дұрыс болуына, сөз қорын байытуға өзіндік үлес қосатын, лексика аясында қызмет ететін сандық сөздердің қытай мен қазақ тілдерінде салыстырмалы түрде қолданыс аясы тілге тиек етілген.

*Кілт сөздер:* мәдениетаралық қарым-қатынас, қытай тілі, мандарин диалектісі, пиньин, сандық сөздер, білім алушы, тон, дауысты және дауыссыз дыбыстар, әуен ырғағы (интонация).

Әлем дамуының индустрияландыру сатысынан кейінгі кезең жаһандану сипатындағы үдерістермен тығыз байланысты. Қоғам дамуының барлық саласындағы геосаяси, коммуникациялық және ақпараттық жаңару мен өзгерістер олардың жанданып орын алуына бірден бір себеп болды. Әлемдік нарық аясының кеңеюі бұқаралық мәдениет қалыптарының қанат жаюына ерекше әсерін тигізді. Мемлекеттер арасындағы күшейе түскен интеграция үдерістері гуманистік құндылықтар арасында дәнекер болатын, шетел тілдері мен мәдениеттерін айқындайтын мәдениетаралық білім беру жүйесін де қамтиды. Сондай жаһандық тілдердің бірі және бірегейі қытай тілі болып саналады. Қытай елі болса, халық саны жағынан әлемдегі ірі елдердің көшбасында. Сонымен қатар қытай елінің экономикасының дамуы, ғылым мен техника жетістігінің әлемге таралуы, күнделікті өндіріс пен тұрмыста қолданылатын құрал-жабдықтар, қондырғылар, киім-кешек, азық-түлік, басқа да толып жатқан заттар Қытайдан шығарылып, біздің елге келіп жатқаны баршаға мәлім. Сондықтан, көрші Қытай Халық Республикасының тілін мен мәдениетін үйрену біз үшін және әлем елдері үшін маңызды болып тұр.

Қытай тілі әлемде кең таралған сино-тибеттік тіл тумасының маңызды бір өкілі болып келеді. Қазіргі заманда бұл тілде тек қана Қытай Халық Республикасының тұрғындары сөйлеп қоймай (шамамен 1,3 млрд адам), оның сыртында оңтүстік-шығыс Азия елдері, соның ішінде Тайланд, Индонезия, Лаос, Сингапур мемлекеттерінің азаматтары қолданып отыр. Қытай Халық Республикасының аумағынан тыс жерлерде кем дегенде 450 миллион этникалық қытайлар осы тілді сақтап қалған. Бұл дегеніміз — Жер шарында тұратын әрбір 5 адамның біреуі осы тілде қарым-қатынас жасайды деген сөз. Бүгінгі күні қытай тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми алты тілінің біреуі болып саналады. Қытай тілі жеті үлкен диалектіге бөлінеді. Әр диалекті өз кезегінде көптеген өзіндік ерекшелігі бар біліктерге және жергілікті топтарға жіктеледі. Диалектілердің сан жағынан көп болғандығы олардың арасындағы айырмашылықтарды қолданып жүрген тұрғындардың сөз әрекетінен бірден аңғару мүмкін емес. Ал оңтүстік пен солтүстік диалектілерінің арасындағы өзіндік ерекшеліктерді байқау қиындық тудырмайды. Осы аталып отырған диалектілердің қолданыс аясында қытай әдеби тілі (普通话 putonghua) аса маңызды рөл атқарады. Былайша айтқанда, жалпы халыққа танылған ортақ тіл. Бұл диалект негізінен солтүстік және солтүстік-шығыс жерінде өзара қатынас жасайтын топтардан пайда болса керек (官话 guanghua, немесе «шенеунік тілі» деп аталып кеткен). Қытай шенеуніктерін батыс-еуропалық тарихи-географиялық дәстүріне сәйкес «мандариндар» деп атайды. Сондықтан аталған «шенеунік тілінің» негізгі өкілі Бейжиң диалектісі болып саналады және елдің батысында кейде оларды «мандариндық қытай тілі» десе керек (Mandarin Chinese).

Бүгінгі біздің арнайы мектептерде және жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан қытай тілі дәл осы әңгіме өзегі болып отырған ортақ тіл «普通话». Сонымен қатар бұл диалекті Қытай Халық Республикасының барлық ақпарат құралдары, соның ішінде теледидар және радиохабарларында, басылымдарында көрініс табады. Алайда осындай сан алуан диалектілер түрлері өзіндік бір сипаттарымен бір-бірімен тығыз байланысты. Осы байланыстардың негізінде жалпы ортақ біріктірілген жазба дәстүрі иероглиф (汉字 *hanzi*) жатыр. Бұл елдің тіршілігінде таңғажайып бір құбылыс бар. Қытай елінің адамдары өзара ауызба-ауыз сөйлесіп ұғыса алмаған жағдайда, қолдарына қағаз-қалам алып, бір-бірін жазысу арқылы түсіне беретініне қызығасыз. Қытай тілінде кез келген жазбаша мәтін жоғарыда айтылған әр түрлі диалектілерде сөйлейтіндерге әбден түсінікті. Иероглиф (汉字 *hanzi*) тік жазба әлі күнге дейін әлемде қытай тілінде сұхбаттасушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарып келеді. Қытай жазбасы (иероглифі) — бөлекше бір буын немесе бір түсінік беретін әрбір белгімен қолданылады. Қытай иероглифінің жалпы саны 80 мыңнан асып түссе, олардың көп бөлігін тек әдеби ескерткіштерден немесе сөздіктерден кездестіруге болады. Бұл иероглифтердің 1500 түрін ауызекі тілде, 3 000 түрін оқу үшін игеріп танығанда қалыпты жағдайдағы сауаттылыққа жатқызылады, ал бірақ толық сөздік ретінде жасақталған иероглифтер саны 87019 белгіні құрайды. Қытай Халық Республикасындағы иероглифтер (汉字 *hanzi*) жай бір қысқартылған түрінде пайдаланылса, олардың дәстүрлі түрі Тайвань, Гонконг, Сингапур және Макао елдерінде қолданылады. Қытай сөздерін әліпби жазба түрлерімен білдіру көптеген жүйелерде қолданыста бар. Латын түрінде қолданылатын жүйе (Қытайдың пиньин әрпі) ресми мәртебеге лайық Қытай Халық Республикасында және Біріккен Ұлттар Ұйымында қолданыста болса, орыс әліпбиіндегі жүйе (Палладия жүйесі) кең көлемде пайдаланылуда. Қытай тілі фонетикасы қытай тілінің заттық қабығы, қытай ұлтының өзара қарым-қатынас жасау барысындағы дағдыға айналған, мағына білдіретін дыбыстар (фонемалар) жүйесі.

Қытай тілін меңгерудің бүкіл барысы жөнінде айтқанда, қытай тілінің фонетикасын үйрену өте маңызды. Тіл қарым-қатынас құралы ретінде дыбыстық сұлбада өмір сүреді. Адам айтылған ақпаратты дыбыс жүйесі арқылы қабылдап, өз ойын да сол арқылы білдіреді, айтылымды прагматикалық жағынан іске асырады (хабарлау, әңгімелеу, келісу, көзін жеткізу, сұрау т.б.). С.Ф.Шатиловтың сөзімен айтқанда, нақты фонетикада «тілдің лексикасы мен грамматикасы өз көрінісін табады» [1]. Қытай тілінің фонетикасы дұрыс оқытылмаған жағдайда, сөйлеген сөздерімізді, айтылған ойымызды жаңсақ түсіну орын алуымен қатар, қытай тілінде қарым-қатынас жасау үдерісі қиындап кетуі әбден мүмкін. Сондықтан қытай тілінің дыбыстау жүйесін үйрену осы тілді оқудың бастамасы, мақсатты тілді талап деңгейіне сай меңгерудің алғышарты болып табылады.

Төменде қытай тілі дыбыс құрау жобасының әліпбилік кестесін (*han yu pin fang an*) ұсынып отырмыз.

Әріп	Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh	Ii
Аталуы	А	Бы	Цы	Ды	Ы	Еф	Гы	Хы	И
Әріп	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp	Qq	Rr
Аталуы	Жи	Кы	Лы	Мы	Ны	О	Пы	Чи	рЫ
Әріп	Ss	Tt	Uu	Vv	Ww	Xx	Yy	Zz	
Аталуы	Сы	Ты	у	Вы	Уу	Ші	Й	Зы	

*Ескерту.* Vv әріпі тек шетел тілінде, Қытайдағы аз санды ұлттардың тілінде және диалектілерінде кірме сөздерді жазуда қолданылады [2]. Қалыпты дыбыстау жүйесін меңгеру білім алушылардың коммуникативтік іс-әрекетінің табысты болуының бірден-бір кепілі болып табылады, сондықтан Ресей және отандық әдістеме саласында дыбыстар мен әуен ырғағы (интонация) жүйесін оқытуда қалыптасқан «апроксимация» қағидатының қолдану аясын неғұрлым тарылту қажет деп есептейміз.

Қытай әріптері сызықтардан құралатындықтан, иероглифты құрайтын сызық атын білумен бірге олардың сызылуы, яғни, жазылу тәртібін үйрену маңызды. Олар төмендегідей:

笔画	名称	例字	笔画	名称	例字
丶	点	广	一	横 钩	写
一	横	王	冂	横折 钩	月
丨	竖	巾	乚	横折弯 钩	九
丿	撇	白	㇇	横撇弯 钩	那
㇇	捺	八	㇇	横折折折 钩	奶
㇇	提	打	㇇	竖折折 钩	与
丶	撇 点	巡	㇇	竖 弯	四
㇇	竖 提	农	㇇	横折 弯	沿
㇇	横折提	论	㇇	横 折	口
㇇	弯 钩	承	㇇	竖 折	山
㇇	竖 钩	小	㇇	撇 折	云
㇇	竖弯钩	屯	㇇	横 撇	水
㇇	斜 钩	浅	㇇	横折折撇	建
㇇	卧 钩	心	㇇	竖折 撇	专

Қытай тілінің дыбыс жүйесін сөздікпен жұмыс істеп үйренудің нәтижесі елеулі болмақ. Әр түрлі сөздіктерді түрліше жолдармен қарап дыбыстарды үйренуге болады. Әсіресе үнемі қолданып жүрген «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» және «Сөз теңізі», «Түсіндірме сөздік» сияқты басылымдардан зерделеп, қытай әріптерінің дыбыстық оқылуын білу үшін, алдымен, «Қытай тілі дыбыстық әріптерінің буындық көрсеткішіне» көңіл аударып, одан соң сөздіктегі көрсетілген бет саны бойынша сөздіктің бет нөмірінен оның оқылуы мен мағынасын табу керек. Енді бір әдіс, қытай әріпінің дыбыстық оқылуын білмеген жағдайда, алдымен сол әріптің басты бөлігін, қытай әріпінің басты бөліктер мазмұнынан тауып алып, одан соң әріп іздеу кестесінен көріп, сонда көрсетілген бет нөмірі бойынша әріптің оқылуы мен мағынасын айқындау қажет. Қытай әріпінің басты жан бөлігін табуда мыналарды ескергеніміз жөн. Ең әуелі пішін мен дыбыстан құралған әріптерді дыбысталуынан емес, пішінінен қарау керек. Кейбір әріптердің пішіні сол жақта, дыбысталуы оң жақта болып келеді. Мысалы: 钢 gang «болат», 姐 jie «әпке», мұндағы әріптерді іздегенде 钢, 女 басты жан біліктеріне көңіл аударған абзал. Ал кейбір әріптердің пішіні оң жақта, дыбысталуы сол жақта болып келеді. Мысалы: 预 yu «алдымен», 飘 piao «желбіреу», 政 zheng «саяси» деген әріптерде 页, 风, 夂 сияқты басты жан бөліктері маңызды болады. Енді кейбір әріптердің пішіні үстінде, дыбысталуы астында болып келеді. Мысалы: 花 hua гүл», 空 kong «бос», 籍 xiang «кебеже (әбдіре)», деген әріптерді 宀, 穴, 竹 сияқты бас жан бөліктеріне қарап ажыратқан дұрыс. Ал, керісінше, пішіні астында, дыбысталуы үстінде болып келетін әріптер бар. Мысалы: 堡 bao «қамал», 资 zi «капитал», 忠 zhong «адал» деген әріптерді 土, 贝, 心 басты бөліктерінен қарап табу керек. Пішіні сыртында, дыбысталуы ішінде болып келетін әріптер бар. Мысалы: 园 yuan «бақша», 阁 ge «сарай» деген әріптерді 口, 冂 сияқты сыртқы бөлігінен қарау керек. Бұлардан басқа да көптеген әріптерді зерделегенде қарау, тану, айыру белгілеріне назар аударғанымыз жөн. Айталық, әріптің алғашқы сызығынан, нүктесінен асты-үсті бөлігі және оң, сол жан бөліктеріне бірдей қарау керек. Ал, кейбір таңбалар іздері жеке әріп болып, әрі басқа әріптердің жан бөліктері де болып келеді. Мұнда қай жағынан қараса да, асты-үсті жан бөліктерді есте сақтап үйренген жөн. Басқаша сөзбен ойымызды жалғастырсақ, қытай әріптерін тез іздеп тану үшін ең әуелі әріптердің басты біліктеріне қанық болуымыз немесе есте мықты ұстауымыз керек. Қытай әріптерін үйренгенде (1) солдан оңға, (2) жоғарыдан төменге, (3) ішінен сыртына, (4) сыртынан ішіне қарай жазу тәртіптері бойынша сол әріптердің басты бөліктерін табуымыз керек. Қытай тілі дыбыстарын көп дыбыстаумен қатар, көп тындау сондай-ақ қытай әріптерін көп жазу, әсіресе, ауада көп жазып жаттау мақсатты тілді меңгеруде тиімді әдіс-амал болып табылады [3]. Нақтылап айтсақ, қытай тіліндегі 27 дауысты дыбыстарды айтып меңгеруді мынадай тәртіппен іске асыру қажет: a, i, u; ai, ei, au, ou; an, ang, en, eng, ong. Ал, дауыссыз дыбыстарды мынадай тәртіппен үйрету абзал: b, d, g, z, zh, sh, q, содан кейін ғана барып қалған 15 дауыссыз дыбыстарды меңгерту керек. Тағы, бір жағынан, қытай тілінде ағылшын тілімен өте ұқсас оннан аса дыбыстар бар. Сондықтан, ағылшын тілін білетін білім алушыларға ағылшын тілімен ұқсастығы жоқ дыбыстарды үйретуге көбірек көңіл білу қажет. Дауысты дыбыстарды үйреткенде монофтонгтардан

бастап, содан кейін дифтонгтарға көшіп, күрделі дыбыстармен аяқтаған жөн. Тағы бір айта кететін жайт, қытай тілін оқытқанда осы тілдегі тірт тон ырғағын қолданып үйрету де маңызды. Өйткені олар сөз бен айтылымдардың сөз әрекетіндегі қызметін анықтайды. Соның ішінде жоғары көтерілетін және төмен түсетін тон ырғақтары ерекше қиыншылық туғызуы мүмкін. Дыбыстау жүйесін оқытқанда жеке сөздің тон ырғағының айтылуы сөз ағымында өзгеріске ұшырайтынын білім алушылардың есіне салып отыру қажет.

Қытай тілі типологиялық жағынан дара өзіндік қасиеті бар, тілдер тобына жатады. Қытай тілінің негізгі ерекшеліктері деп сөздердің морфологиялық, яғни, тұлғалық өзгерістерге түспеуін, сөздердің орын тәртібі және көмекші сөздер арқылы грамматикалық мағына білдіруін, сандық сөздер ерекше көп қолданылуын атауға болады. Жүйесі бір-біріне ұқсамайтын тілдердің негізгі ерекшеліктерін салғастырмалы зерттеудің жалпы тіл білімімен қатар, шет тілдерін оқыту жұмыстарында да мәні зор, маңызды. Бір тілді екінші бір тілмен, әсіресе генетикалық жағынан бір-бірінен алшақ жатқан тілдерді контрастивті түрде салыстырудың лингводидактикалық мәні шетел тілін оқу мен оқыту кезінде олардың ұқсас сипаттарын тани отырып және таныта отырып, ерекшелік жақтарын саналы түрде пайымдаудан көрінеді. Қытай тіл бөлімінің дамуы ертеден басталған, дегенмен, көне заман қытай тілі грамматикасы туралы біршама жүйелі жазылған еңбектердің аз екендігі шындық. Бірақ бұдан қытай тілі грамматикасы мүлде зерттелмеді деген пікір тумауы тиіс.

Қытай тілінде өзара қатысымға түскенде айтылатын ойдың грамматикалық тұрғыдан дұрыс болуында сандық сөздердің алатын орны ерекше. Қытай тіліндегі сандық сөздерді сауыт-сүйек жазбаларынан (甲骨文) кездестіреміз. Бұлар сандық сөздер тұрмыстағы қажет бұйымдардың, сауда-саттықта қолданылатын сөздердің негізінде пайда болғандығының дәлелі. Екі хан (两汉) дәуірі кезінде сандық сөздердің саны көбейіп, атқаратын қызметі нақтыланып, өзінше даралана бастады. Мысалы, 马 – 匹 атқа [pǐ] сандық сөзі, 牛 – 头 сиырға [tóu] сандық сөзі, 羊 – 头 қойға [tóu] сандық сөзі қолданылған. Қазіргі сандық сөздер қолданылуы жағынан көне қытай тіліндегі сандық сөздерден мүлде өзгеше. Кейбір сандық сөздер құралып-қосылу барысында зат есімдермен немесе етістіктермен біртіндеп тұрақты қатынастар орнатып, жиі қолданыс табуының арқасында, бірте-бірте қазіргі қытай тіліндегі сандық сөздер қалыптасқан. Сандық сөздерді зерттеуде, болмаса қытай тілін шетелдіктерге үйретуде мұның мәні зор екендігіне сенімдіміз.

本 (ben) «本»-нің негізгі мағынасы — «тамыр», Сюй Шэнь 《说文解字》 «Иероглифтерді талқылау» кітабында «тамыр» ұғымының шығу тегіне былайша түсініктеме береді: «本下曰本», 徐箴“凡木命根为柢, 旁根为根, 通曰本». Бұл «本»-нің бастапқы мағынасы өсімдік тамырын білдіреді. Ол сандық сөзге айналғанда, әрине, өсімдіктердің мөлшерін білдіре алады. Мысалы: 百本蕪, 五十本葱 (汉书·循吏) Жүз түп көк ағаш, елу түп шөп. Адамдардың басым бөлігі өсімдіктердің санын білдіруде «本»-ді қолданады, оның «тамыр» деген мәнінен туындаған ауыспалы мағынамен, ал оны кітаптар санын білдіру үшін қолдану әдісі «本»-нің «түп-тамыр» (қазық, қайнар) мәнінен келіп шыққан ауыспалы мағынамен байланысты деп есептейді. Сандық сөз – қытай тіліндегі ең негізгі грамматикалық ерекшеліктердің бірі. Қытай тілінде әдетте заттың санын білдіру үшін сан есім мен зат есім бірден тіркесе алмайды, олардың арасында міндетті түрде сандық сөздер қосылып айтылады. Мысалы: 一个人[Yi ge ren] бір адам, 一本书[yi ben shu] бір кітап, 一辆车[yi liang che] бір арба, 三件衣服[san jian yi fu] үш киім, 拉一把[La yi ba] бір тарту, 考一次[kao yi ci] бір рет сынақ тапсыру, 住一年[zhu yi nian] бір жыл тұру, 看了一遍[kan le yi bian] бір рет қарады. Мысалы: бір тұтам шөп, бір қазан ет, бір сауым сүт, бір орам жiп, бір атым насыбай, бір уыс тары т.б. Осындағы тұтам, қазан, сауым, орам, атым, уыс сөздері аталған тіркестердегі зат есімнің мөлшерін (шамасын) білдіріп тұр. Бірақ мұндай сөздер қазақ тілінде жеке сөз табы ретінде қарастырылмаған. Біріншіден, олар жеке тұрғанда тілімізде басқа сөз табына (жоғарыда келтірілген сөздер зат есімге) тәуелді сөздер. Екіншіден, қазақ тілінде әдетте сан есім мен зат есім сөздері тікелей тіркесе береді. Мысалы: бір адам, екі үстел, үш орындық т.б. Ал қытай тілінде олай емес, кей жағдайда болмаса, сан есім мен зат есімдер сандық сөздерсіз тіркесе алмайды. Заттық сандық сөздер адам не заттың санын білдіреді. Мысалы: 一个人[yi ge ren] бір адам, 一张桌子[yi zhang zhou zi] бір стол, 一斤米[yi jin mi] бір фунт күріш, 两本书[liang ben shu] екі кітап. Заттардың формасына қарай қолданылатын сандық сөздер 一条[tiao] сырт көрінісі ұзын, жіңішке заттарға қолданылады: 一条板凳[yi tiao ban deng] бір ұзын орындық, 一条绳子[yi tiao sheng zi] бір арқан т.б., 张[zhang] теріс, жалпақ және кейбір ашылатын

заттарға қолданылады: 一张桌子 [yī zhāng zhuō zi] бір үстел, 一张剧票 [yī zhāng jù piào] бір театр билеті т.б. Жинақтық сандық сіздер заттардың және адамдардың жұбын, жиынын есептейтін, санайтын бірлік ретінде қолданылады: 副 [fù], 双 [shuāng], 对 [duì], 帮 [bāng], 班 [bān], 套 [tào], 大 [dà], 伙 [huǒ], 群 [qún] т.б. жатады. Сандық сөздердің бұл түрі заттардың жиынтығын білдіреді. Мысалы: 副 [fù] 一副手套 [yī fù shǒu tào] бір жұп қолғап, 一副对联, 一副眼镜 [yī fù yǎn jìng] бір жұп көзәйнек, 群 [qún] 一群马 [yī qún mǎ] бір үйір жылқы, 一群孩子 [yī qún hái zi] бір топ бала, 一群人 [yī qún rén] бір қора кісі.

Қытай және қазақ тілдеріндегі жинақтық сандық сөздерге жасалған салыстырмалы талдау олардың өзіндік айырмашылықтары бар екенін көрсетеді. Қытай және қазақ тілдеріндегі сандық сөздердің ұқсастығы — туыс емес екі тілде де жинақтық сандық сөздердің болуының, ал бірақ жасалу жолдарында айырмашылықтар бар екенінің дәлелі. Қытай тілінде сандық сөздердің жасалу жолдары көп жағдайда зат есімінің көпше түрінің қолдануымен байланысты. Қазақ тілінде жинақтық сандық сөздердің жасалу тәсілдері де әр алуан болып келеді. Белгісіздік сандық сөздер әдетте белгісіз сандық шаманы білдіреді. Олар 些 [xiē], бірнеше, біраз және 点儿 [diǎnr] біраз, азырақ сөздерінің кімегімен белгісіздік шаманы көрсетеді. Мысалы: 一些 [yī xiē] бірнеше, 一些人 [yī xiē rén] бірнеше адам, 好些东西 [hǎo xiē dōng xī] біраз жақсы заттар, 点儿 [diǎn er] азырақ, 一点儿东西 [yī diǎn er dōng xī] азырақ заттар. Белгісіздік шаманы білдіретін сөздер сан есімдермен тіркескенде, тек қана [yī] бір санымен тіркесе алады. Кейде сандық сіздер сан есімдерсіз зат есіммен тікелей тіркеседі. Мысалы: 来了些人 [Lái le xiē rén] бірнеше адам келді, 买点儿苹果 [mǎi diǎnr píng guǒ] біраз алма сатып алады т.б. Заттың белгісіздік мөлшер мағынасы қоршаған ақиқат болмыстағы нәрселердің (адамдардың, жансыз және жанды заттардың т.б.) болжалды санын білдіреді. Қазақ тілінде заттың белгісіздік мөлшерін білдіруде кіп, кібірек, аз (емес), азғантай, қалың, дүйім, сан т.б. сөздер де қолданылады. Қытай және қазақ тілдеріндегі белгісіздік сандық сөздер ұқсас болып келеді. Қытай тілінде 些 [xiē], бірнеше, біраз және 点儿 [diǎnr] біраз, азырақ сияқты сөздермен, қазақ тілінде кіп, аз, азырақ, қалың, т.б., сөздермен сіз тіркестері жасалады. Уақытқа қатысты (потенциналды) сандық сіздерге 量词: 年 жыл, 星期 апта, 天 күн, 小时 сағат жатады. Мысалы: 三年 үш жыл, 五天 бес күн, 一小时 бір сағат т.б. Қытай тіліндегі өлшем бірлікті білдіретін сандық сөздер екі топқа бөлініп қарастырылады. Бірі — метрикалық санау бірліктері: ұзындық өлшемдері (长度): 微米 [wēi mǐ] микрометр т.б.; аудан өлшемдері (面积和地积): 公顷 [gōng mǔ] ар, 公顷 [gōng qīng] гектар т.б.; сыйымдылық өлшемдері (容量): 毫升 [hào shēng] миллилитр, 升 [shēng] литр т.б.; салмақ өлшемдері (重量): 克 [kè] грамм, 百克 [bǎi kè] гектограмм, 公斤 [gōng jīn] килограмм, 公担 [gōng dān] центнер, 斤 [jīn] жарты килограмм, 吨 [dūn] тонна; көлемдік өлшемдер (体积): 立方厘米 [lì fāng lì mǐ] текше сантиметр, 立方分米 [lì fāng fēn mǐ] текше. Екіншісі — қытай халқының өзіне тән өлшемдік, салмақтық бірліктері бар: ұзындық өлшемдері 市毫 [shì háo] хао, 市里 [shì lǐ] ли т.б. аудан өлшемдері 平方市寸 [píng fāng shì cùn] шаршы сунь, 平方市尺 [píng fāng shì chǐ] шаршы чи т.б. сыйымдылық өлшемдері 市勺 [shì sháo], 市合 [shì hé] т.б. салмақ өлшемдері 市丝 [shì sī], 市毫 [shì háo], т.б. көлемдік өлшемдер (体积): 立方市寸 [lì fāng shì cùn], 立方市尺 [lì fāng shì chǐ], 立方市丈 [lì fāng shì zhàng]. Ауыспалы сандық сіздер (借用名量词) — сыйымдылықты білдіретін және басқа сөз табынан ауысып келіп (қосымша) қызмет атқаратын сөздер. Қазіргі қытай тілінде мұндай сандық сөздерді зат есім мен етістіктен ауысып келген сіздер құрайды. Мысалы: 一杯茶 бір кесе шай, 一头牛 бір бас сиыр, 一粒珍珠 бір тал інжу-маржан, 一串葡萄 бір сабақ жүзім, 一朵花 бір шоқ гүл, 一束鲜花 бір бума гүл т.б. Уақытша сандық сөздерде (临时名量词) зат есім немесе етістік мөлшерлік мағынада қолданылып, зат есім немесе етістіктің өздері бейнелейтін зат немесе қимылдың көлемін екінші бір заттың саны ретінде білдіреді. Мысалы: 一书架书 бір сөре кітап, 一脸汗 жүзін тер басы, 一瓶子牛奶 бір бөтелке сүт, 一屋子人 адам толы білме, 一箱子衣服 бір сандық киім, 一身泥денесі тұтас балшық, 桌子 [zhuō zi] (үстел /зат есім/ 一桌子书 [yī zhuō zi shū] бір үстел кітап, 一裙子水 етегі су болу, 捆 [kǔn] орам /етістік/ 一捆嫁 [yī kǔn jià] бір орам жасау.

Қазақ тіліндегі ауыспалы сандық сөздерді тұрақты тіркестер жасайды. Олар негізінен зат есім және етістіктен ауысып келген сөздер болады. Мұндай сөздер қазақ тілінде дара сандық сөздер деп те

аталады. Мәселен, қазақ тілінде зат есімнен немесе етістіктен ауысқан сандық сөздер өте көп: *бір кесе су, бір тостаған қымыз, бір бас сиыр, бір тал алма* т.б. Қытай тілі аса күрделі тіл болғандықтан, онда сандық сөздердің саны көп және әрбір сандық сөздің ойды анықтайтын, толықтайтын, сипаттайтын өзіне тән қызметі бар. Сондықтан оларды бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға болмайды. Қытай тіліндегі сандық сөздердің қолданылуы сөз тіркесінде немесе сөйлемде білдіретін мағынасы жағынан, мөлшерлік мағынасымен, құрылымдық қызметі жағынан жіктеліп, ерекшеленеді. Ал қазақ тілінде сандық сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылмағанымен, тілде атқаратын қызметтеріне қарай сан есімдердің құрамындағы өлшем сөздер немесе есептік сөздер деп аталып жүр [4].

Қорыта айтқанда, қытай тілінің фонетикасын қытай пиньин әрпімен, қытай тілі лексикасы ретінде қытай иероглифтері (汉字 hanzi) құрайтын таяқшаларынан, одан соң басты бөліктері арқылы қытай иероглифтерін (汉字 hanzi) меңгеру, сөз қорын дамыту, грамматикалық білім тұрғысынан сандық сөздерді де үйреніп қолдана білген абзал. Қытай тілін үйренуде білім алушы оқытушының көмегіне сүйене отырып, алдына мақсат қойып, табандылық және жауапкершілік көрсете алса, тілді белгілі деңгейде толық меңгеруге болады деген сенімдеміз. Тілді үйрену, соның ішінде көрші ірі аспанасты елдің тілін меңгеру Қазақстан азаматтары үшін өте маңызды. Тілді білу үшін, біріншіден, орта; екіншіден, тіл үйренуге қызығушылық, әуестік керек; үшіншіден, талаптанушының тілді үйренудің өзіндік әдіс-тәсілдерін қолдануы сапалы білім алудың кепілі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Шатилов С.Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе. — М.: Просвещение, 1986. — 256 с.
- 2 Мәсімхан Д., Мамытан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері: Оқу құралы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001. — 162 б.
- 3 Найман С. Қытайша-қазақша үлкен сөздік — Үрімжі: «Han-Ha da cidian» Шыңжаң Халық баспасы, 2006. — 2265 б.
- 4 Әкімбай Жапарұлы. Қазақша-қытайша тұрмыс сөздерінен 500 сөйлем. — Үрімжі: Шыңжаң жастар — өрендер баспасы, 2011. — 228 б.

Ж.Кагазбаев, А.Искакнаби

#### Некоторые особенности обучения китайскому языку как иностранному на межкультурном уровне

В статье рассмотрены роль и значение китайского языка среди официальных языков Организации Объединенных Наций. Изложены некоторые особенности обучения пекинскому диалекту китайского языка. Предложены эффективные приемы обучения фонетической системе китайской иероглифической письменности — пиньину. Авторы считают необходимым обратить внимание учителей и преподавателей на методические пояснения при обучении гласным и согласным звукам, а также четырех тонам китайского языка. На сравнительном уровне описывается своеобразное использование числительных в словосочетаниях, которые способствуют грамматически правильному построению фраз и предложений, обогащению словарного запаса обучающихся.

Zh.Kagazbayev, A.Iskaknaby

#### Some peculiarities of teaching Chinese as a foreign language at a cross — cultural level

The learned article deals with defining the place and role of Chinese among official languages of United Nations Organization, in different branches of economy. It also highlights important issues relating to teaching Mandarin Chinese. Some effective techniques of acquiring pronunciation system of Chinese hieroglyphic written language (Pinyin) have been suggested. The authors attract teachers' attention to methodical explanation in teaching vowels and consonants, four terminal tones. An object of further study is peculiar use of numerals with word combinations in Chinese and Kazakh languages that enable to construct grammatically correct phrases and sentences, enrich vocabulary of learners.

### References

- 1 Shatilov S.F. *Methods of teaching German in a secondary school*, Moscow: Prosveshchenie, 1986, 256 p.
- 2 Masimkhan D., Mamytan K. *Basis of Chinese Phonetics: Coursebook*, Almaty: Kazakh University publ., 2001, 162 p.
- 3 Naiman C. *New Chinese — Kazakh dictionary (Han-Ha da cidian)*, Urumchi: Tsynzyan People's Publ. house, 2006, 2265 p.
- 4 Akimbay Zhaparuly. *Kazakh — Chinese 500 phrases from everyday use*. Urumchi: Tsynzyan Youth Publ. house, 2011, 228 p.

Репозиторий Қарғу